

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 және 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1754 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1214 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлімде: реттік нөмірі 470-104-жолдың 2-бағаны "Шығыс Қазақстан" деген сөздердің алдынан "Сәрсен Аманжолов атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 470-133-жолдың 2-бағаны "Солтүстік Қазақстан" деген сөздердің алдынан "Манаш Қозыбаев атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 470-137-жолдың 2-бағаны "Батыс Қазақстан" деген сөздердің алдынан "Махамбет Өтемісов атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 470-155-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 470-170-жолдың 2-бағаны "Батыс Қазақстан" деген сөздердің алдынан "Жәңгір хан атындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

